

**Түркістан облысының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу  
туралы талдамалық анықтама**

**Шымкент қаласы**

**«04» қыркүйек 2025 жыл**

**Кіріспе бөлім:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ішкі талдау) жүргізуге негіздеме:**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы 25 маусымындағы №169 н/қ бұйрығы;

**2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:**

Наркабулов Айдынбек Аманбекович – басшының ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

Нурметова Мухаббат Азатбековна – кадр бөлімінің басшысы;

Мауленова Қарлығаш Түребековна – бас бухгалтер орынбасары;

Аймаханбетова Даметкен Алмахановна – бөлім меңгерушісі;

Едіге Жансая Еркінқызы – комплаенс-офицері.

**3. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

2025 жылдың 02 шілде - 13 тамыз аралығы;

**4. Ішкі талдау қамтылған кезең:**

2024 жыл – 2025 жылдың 13 тамыз аралығы;

**5. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:**

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

### **Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары:**

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету болып табылады. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын медициналық және дәрігерлік қызметке берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады.

### **Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулысының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2024 жылы - 1099 бұйрық, 2025 жылдың 6 айында 572 бұйрық шығарылған.

### **Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:**

**2024 жылы** – қабылданған - 86 ,босатылған – 113, көтермеленген – 0, ауыстырылған - 0 , төмендетілген – 0, тәртіптік жаза алғандар –35 қызметкер;

**2025 жылдың 6 айында** – қабылданған – 57 , босатылған –75, төмендетілген – 0, көтермеленген – 1, ауыстырылған – 0, тәртіптік жаза алғандар – 13 қызметкер.

Облыстық психикалық денсаулық орталығы денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын-алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа, мүліктің және бюджет қаржысын ысырап етіп, талан-тараж салуына жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының қағидаларын бұзбау, лауазымдық міндеттерін қатаң сақтау жөніндегі үгіт-насихат жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

### **1. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, қызметкерлерді қабылдау Jumys SmartNation порталы туралы:**

Кәсіпорында қызметкерлерді конкурстық іріктеуде адал, әділ және ашық негізінде жұмысқа қабылдау үшін 2024 жылы Jumys SmartNation порталымен келісім-шарт түзіліп, алайда ақаулықтарға байланысты жұмыс жүргізуге мүмкіндік болмады. 2025 жылдың басынан толығымен Jumys SmartNation порталы арқылы жұмысқа қабылдануда.

Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды:

Кәсіпорында бос орын туралы enbek.kz сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен-жай бойынша үміткер өз құжаттарын Jumys SmartNation порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу – үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60%-дан кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірибелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл процес жоғары бәсекелестікке ие кәсіпорындағы қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірден бір құралы болып табылады.

Кәсіпорын бос орындарды электрондық еңбек биржасына тіркеу арқылы хабарлама жариялап, бос орындарға әңгімелесу өткізудің және комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, отырыстарға бақылаушыларды шақыру және әрбір кандидатпен әңгімелесу барысын техникалық жазба құралдары көмегімен қолдану жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жек-жаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорындарда шешім қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша, Кәсіпорындағы мүліктерді пайдалана отырып, заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру бойынша Кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысына жол беретін заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

**Ұсыныс: Jumys SmartNation және enbek.kz порталымен 100% жүргізілуін қадағалау ұсынылады.**

**2. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорындағы қызметкерлерге 2024-2025 жылдар аралығындағы ішкі талдау барысында төмендегілер анықталды:

тексеру жұмыстары жүргізілді.

3. Орталықтың қабылдау бөлімшесінде мүгедектігі бар адамдарға арналған санитарлық торап қарастырылған, алайда толық бейімделмеген (тірек қимылы аппараты бұзылған, арбамен қозғалатындар).

4. Орталықтың аумағында келу кіреберісіне көруі бойынша мүгедектер үшін қызмет көрсету орнын көрсететін ақпараттың тактильдік белгілер жоқ, негізгі ғимаратының ішінде толық орнатылмаған.

5. Орталықтың аумағында «Мүгедек» тану белгісі бар автокөлік құралдарын қоятын автотұрақ қарастырылған, алайда жолақтары сызылмаған.

6. Автотұрақпен ғимаратқа өту жол қозғалысында төсеніштер кедір-бұдырлы. Қабылдау бөлімшесінің алдында орнатылған электркөтергішке баратын төсеніштер кедір-бұдырлы. Яғни Ережелер жинағының 4.1.3, 4.3.1.10, 4.3.1.13 тармақтарының талабы сақталмаған.

Аталған кемшіліктерді жою бойынша «ескерту» берілді. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін мемлекеттік сатып алу порталымен келісім-шарт түзіліп, орындалуы қадағалансын.

**Ұсыныс: Қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін дұрыс атқаруын қадағалау және түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Науқастардың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында бөлімшелерді аралау жұмысын жиілету.**

**Анықталған кемшіліктерді болдырмау мақсатында жұмыстар атқарылсын және ішкі мониторинг жүргізілуін жауапты маманға жүктелсін.**

**3. Мүдделер қақтығысын реттеу, оның ішінде туысқандық қарым-қатынасқа байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабы:

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (*жұмыс*) істеуіне жол бермеу.

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (*өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда*) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (*Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды*

қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық байқалған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға тиіс, ал осындай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгедей босатылуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органында) өзінің жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен бірге лауазымдарды атқаруына тыйым салынады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органында) бірлескен қызметті (жұмысты) болғызбайтын лауазымға ауысуға жатады, ал мұндай ауысу мүмкін болмаған кезде осы жұмыскерлердің біреуі қызметтен шығарылуға немесе көрсетілген функциялардан өзге де босатылуға жатады.

Ескертпе. Осы Заңда жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп — жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысты, Кәсіпорында кадр бөлімімен туысқандық қарым-қатынас анықтамасы түзіліп, қызметкерлерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», оның ішінде кәсіпорында туысқандық қарым-қатынас туралы түсіндірме жұмысы және іс-шаралар жүргізіледі. Алайда әр бір лауазымды тұлға тиісті жағдай туындаған кезде комплаенс-офицері арқылы мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде Кәсіпорында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің туыстық қарым-қатынас анықтамасы төменде көрсетілген.

Бас бухгалтер орынбасары

Қ.Т.Мауленова

/ Кадр бөлімінің басшысы

М.А.Нурметова

/ Бөлім меңгерушісі

Д.А.Аймаханбетова

Комплаенс-офицері

Ж.Е.Едіге

Анықтамамен таныстым.  
Басшының медициналық бөлімі  
бойынша орынбасары



Г.И.Кахарова